

"Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 246 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2017 жылғы 22 қарашадағы № 811 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 қаңтарда № 16217 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2018 жылғы 25 мамырдағы № 393 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 25.05.2018 № 393 (29.06.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 246 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10848 тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 15 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Техногендік минералдық түзілімдердің мемлекеттік кадастрын жүргізу қағидаларында:

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік кадастр осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының техногендік минералдық түзілімдерін мемлекеттік кадастрмен есепке алу паспорттары (бұдан әрі - Паспорт) түрінде ресімделетін, жүйеленген, кезеңділігімен толықтырылатын және нақтыланатын біріздендірілген қысқаша мәліметтердің жиынтығын білдіреді.";

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Егер меншік құқығы ұйымға (жер қойнауын пайдаланушыға) тиесілі техногендік минералдық түзілімдерді қоймалау (сақтау) объектісінде меншік құқығы мемлекетке тиесілі техногендік минералдық түзілімдер орналасқан болса, ұйымдар (жер қойнауын пайдаланушылар) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бөлу балансын Төлқұжатқа қоса береді.";

көрсетілген Қағидаларға қосымшаның оң жақтағы жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Техногендік минералдық түзілімдердің
мемлекеттік кадастрын жүргізу
қағидаларына
1-қосымша";

осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес 2-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз тасығыштағы және электрондық нысандағы көшірмелерін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларына сәйкес іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің жетекшілік ететін вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрі*

Ж. Қасымбек

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
_____ Т. Сүлейменов
2017 жылғы "14" желтоқсан

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі
_____ Қ. Бозымбаев
2017 жылғы "22" желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің
2017 жылғы 22 қараша
№ 811 бұйрығына
қосымша
Техногендік минералдық
түзілімдердің мемлекеттік
кадастрын жүргізу қағидаларына
2-қосымша
Нысан

БӨЛУ БАЛАНСЫ

Есепке алу объектісі _____

Жасаған _____

тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), лауазымы қолы күні
Тексерген _____

тегі, аты, әкесінің аты (егер болса), лауазымы қолы күні
Ұйымның (жер қойнауын пайдаланушының) атауы _____

1. Есептік, статистикалық, мұрағаттық деректерді қарау нәтижесі бойынша, пропорционалды бөлу әдісімен (қажетін таңдау) техногендік минералдық түзілімдердің көлемі мен саны төмендегідей бөлінді:

1) мемлекеттің меншігінде – көлемі _____ мың м³, массасы _____ мың т.;

Мемлекеттің меншігіндегі техногендік минералдық түзілімдер шекарасының бұрыштық нүктелерінің координаттары (графикалық қосымша: көрнекі масштабтағы жоспар мен қиық):

Бұрыштық нүктелердің координаттары Солтүстік ендік Шығыс бойлық гр. мин. сек. гр. мин. сек.;

Мемлекетке тиесілі техногендік минералдық түзілімдердің ауданы _____ км²;

(жазбаша жазылған сан)

2) ұйымның (жер қойнауын пайдаланушының) меншігінде – көлемі _____ мың м³, массасы _____ мың т.;

Ұйымның (жер қойнауын пайдаланушының) сақтауындағы техногендік минералдық түзілімдер шекарасының бұрыштық нүктелерінің координаттары (графикалық қосымша: көрнекі масштабтағы жоспар мен қиық):

Бұрыштық нүктелердің координаттары Солтүстік ендік Шығыс бойлық гр. мин.

Техногендік минералдық түзілімдерге меншік құқығының туындау негіздемесі

Ұйымға (жер қойнауын пайдаланушыға) тиесілі техногендік минералдық түзілімдердің ауданы _____ км².
жазбаша жазылған сан)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК